



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№51-52

(831-832)

18 желтоқсан

2020 жыл

16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ!



ШАШУ

Өсер ұлдың қай
сәтте де бірлік
болмақ қалауы,
Лаула, лаула,
Желтоқсанның
мұзға
жаққан алауы!
Өздеріңдей ер
намысты жас
өркені бар елдің,
Ешқашанда
еңкеюге тиісті
емес жалауы!

Мұхтар
ШАХАНОВ



РУХ

Елді – қайтадан! –
Ел еттік,
Жерді – қайтадан! –
Жер еттік.

Елімді
Суға батырмадым,
Отқа күйдірмедім.
Ешкімге
Бастарын идірмедім!

Азды көп қылдым,
Кедейді бай еттім.
Керіксізін Күн,
Ажарсызын Ай еттім.

Күлтегін



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
51,69

DOLLAR
420,03

EURO
511

РУБЛЬ
5,71

МУЗДА ЖАНҒАН АЛАУ

Сан ғасыр сарыла күткен, қанмен, термен, көз жаспен келген Тәуелсіздіктің қадірін бүгінгі жастар біле ме? Жыл сайын 16 желтоқсан жақындағанда осы сауал алдымнан шыға береді. Кейде ойлаймын, сол қанды желтоқсан қазір болғанда, Тәуелсіздік үшін бүгінгі жастар алаңға шығар ма еді, шықпас па еді? Кеңес одағы кезінде біздің намысымыз шиыршық атып, өбден шегімізге жеткен екенбіз. Қазір қарын тоқ, көйлек көк. Сол тоқтықтан ба, бүгінгі жастар енжар. Ешнәрсеге селт етпейді. Егемендік, Тәуелсіздік деген сөз олар үшін бұлыңғыр, түсініксіз ұғым сияқты.



Байғали ЕСЕНӘЛІ:

ҚАЗАҚТЫ ҚАЗАҚ БАСҚАРСЫН ДЕП АЛАҢҒА ШЫҚТЫҚ

Біз 1986 жылы «Қазақстанды қазақ басқару керек» деп алаңға шықтық. Ал қазіргі жастар «Өзімнен білімі төмен адамның қол астында жұмыс істемеймін» деп өкпелеп, шетелге қашып жатыр. Екеуін салыстырып көріңізші! Шетелге кетіп жатқан жастардың тандауы – жеңіл өмір. Олар біреуге өкпелі. Ал біз ше? Біз «қазақты қазақ басқарсын» деп алаңға шықтық. Ол – бағасы биік үлкен күрес болатын. Қазір де күрес жүріп жатыр. Бірақ сол күреске қарсы тұрмай, Елді, Жерді, Отанды қалдырып шетелге қашқанда не ұтасын? Ұтыласың! Қазақтың тоқымай жеріне қазақтың ғана жаны ашиды. Соны ұмытпау керек. Қазір шетелге кетіп жатқан жастар күні ертен сүлдерін сүйреп, кері оралатынын неге түсінбейді? Шетелде жақсы өмір бар шығар. Бірақ ол жакта қазақ жоқ, Отан, Жер жоқ. Тіпті тілін де жоқ. Сенің байлығың – Отаның, Қазақстаның. Осы елде қызмет етіп, жоғына шыда, барына қанағат қыл!

Біз де бір кемшілік басым. «Жалғыз менің дауысым неге жетеді, жалғыздың үні шықпайды» деп кез келген елдік мәселеге бей-жай қараймыз. Алайда сол жалғыздың үні көп мәселені шешетінін неге ескермейміз? Мемлекеттен бір нәрсе сұрағанда, жалғыз болсақ та үніміз қатты шығады. Ал Отанына бірден беретін кезде үніміз өшіп қалады. Неге біздің жастар Отаншыл емес? Мына Ел менікі, Жер менікі, Отан да менікі деген үн неге аспанды тіліп тұрмайды? Неге рухымыз оянбайды? Желтоқсаннан неге тәлім-тәрбие алмадық?

Алматыда Желтоқсан саябағын аштық. Енді сол саябаққа қасіретті 16 желтоқсанда еске түсіріп тұратын музей, демалып жүргендерге бір сәт Тәуелсіздіктің онайлықпен қолға келмегенін сезіндіре алатын ескерткіш немесе мүсін қою керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан ұрпақ Тәуелсіздікті түсінер еді. Аланнан өтіп бара жатқанда құлағына сырға такқан жігіттерді көрсем, жаным құлазып кетеді. Біз осылардың болашағы үшін Желтоқсанда қан кешіп, аязда итке таланып, таяқ жедік қой. Үмітіміз ақталмаған ба?

Біз де отаншылдыққа тәрбиелейтін бір театр жоқ екен. Әуезов пен Мүсірепов театрларында Абылай хан, Қабанбай мен Бөгенбай, Әлмерек пен Райымбек қойылмайды. Сондай тарихи тұлғалар театр сахнасында қойылса, көшеде құлағына сырға тағып жүретін жігіттер өздерінің ата-бабасы қандай болғанын түсінер ме еді? Өлген намыс оянар ма еді? Бауыржан Момышұлы сияқты тұлғалар сахналанса, батырлықтың үлгісін ұғынар ма едік?! Осының бәрі Желтоқсанда ойға орала береді. Ендігі әңгіме сол 34 жыл бұрынғы қанды Желтоқсан туралы болсын.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАҒЫМ

АБАЙ КӨШЕСІ – АРГЕНТИНАДА



Енді Аргентинадағы Росарио қаласында Абай көшесі бар. Абай есімі Тәуелсіздік мейрамы мен Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында берілді. Сондай-ақ 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдығына орай Росариода орналасқан Ұлттық мемориалдық кешенінде Қазақстанның Мемлекеттік Туы көтерілді.

БИЛІК

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІ
БАЯНДЫ ЕТУ –
БӘРІМІЗДІҢ АСЫЛ
БОРЫШЫМЫЗ!



Баршаңызды еліміздің ең ұлық мерекесі –
Тәуелсіздік күнімен шын жүректен
құттықтаймын!

Біз 29 жыл бұрын ата-бабамыздың ғасырлар бойы
ансаған арманын орындап, тәуелсіздікке қол жеткіздік.
Әлем картасына Қазақстан атын ойып жаздық.
Сол сәттен еліміздің жана тарихы басталды.
Осы жылдар ішінде мемлекетіміз айтарлықтай өсіп-
өркендеді, айтулы жетістіктерге жетті.

Біз елдігіміз бен егемендігімізді нығайтып,
шекарамызды бекіттік.

Бәсекеге қабілетті нарықтық экономикаға көшіп,
мемлекетімізді аяққа нық тұрғыздық.

Қазақстан әлем мойындаған іргелі елге айналды.
Еуразия жүрегінде жана астанамызды салдық.

Біз елімізде тұрақтылықты, қоғамымызда татулық
пен келісімді сақтай отырып, көп ұлтты халқымызды
бәсі бөлек артықшылыққа айналдырдық.

Тәуелсіздікті алып, оны дүниеге паш ету бір бөлек,
ал сол тәуелсіздікті сақтап қалу одан да зор міндет.

Біз осы жылдар ішінде бұрынғы Кеңес одағы
құлаған тұста дүниедегі ең үлкен экономикалық
дағдарысты артқа тастап, қазіргі жаһандық
пандемияны да еңсеріп отырмыз.

Басымызға түскен сынақтар бізді шындап,
рухымызды күшейтіп, жігерімізді арттырды, ортақ
мақсатқа жұмылуымызға түрткі болды.

Қазақстанның даму мен өркендеу жолында үнемі
алға басуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, берік
негіз қалыптастырдық.

Тәуелсіздікпен бірге сан ғасырлық тарихымыз, төл
мәдениетіміз бен ата дәстүріміз қайта түледі.

Біз Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейінгі
ұлан-ғайыр атырапты мекендеген баһадүр бабалардың
ұрпағымыз.

Үстірт пен Қарт Каспийдің жағасын, Сыр мен
Ертістің арасын алып жатқан байтақ даланың занды
мұрагеріміз.

Бұл – ата-бабамыздың аманаты.

Осыны ешқашан ұмытпауымыз керек.

Бабадан мирас болған қастерлі жерімізді көздің
қарашығындай сақтау, тәуелсіздігімізді баянды
ету, еліміздің жарқын болашағы үшін қызмет ету –
бәріміздің асыл борышымыз.

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ
АЛТЫН ДІҢГЕГІ,
ДЕРБЕСТІГІМІЗДІҢ
БЕРІК НЕГІЗІ!

Баршаңызды еліміздің ең ұлық мерекесі –
Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – ұлттың рухын көтеретін, ұрпақтың мерейін өсіретін
мертебелі мейрам.



Тәуелсіздік – мемлекеттігіміздің алтын дінгегі,
дербестігіміздің берік негізі.

Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан
қастерлі құндылық жоқ.

Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз.
Сондықтан бабалар ансаған Тәуелсіздіктің қадірін жан-
жүрегімізбен сезінеміз.

Егемендік – әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес бақыт.

Тәуелсіздік шежіресі Тұңғыш Президентіміз – Елбасының
тарихи тұлғасымен тығыз байланысты.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – жана дәуірдегі
Қазақстанның негізін қалаған ұлы қайраткер.

Оның есімі жасампаздық жылнамасына Қазақ мемлекетінің
авторы ретінде жазылды.

Міне, егемен еліміздің өміріндегі тағы бір мерейлі белес
жақындап келеді.

Біз қастерлі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басамыз.

Бұл – баршамызға ортақ өнегелі өлшем, тағылымды кезең.

Жана мемлекет құруға атсалысқан бүкіл халқымыздың ерен
еңбегінің тарихи шежіресі.

Сондықтан мен келесі жылды «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы»
деп жарияладым.

Өткен әрбір он жылдық атқарған миссиясы тұрғысынан
ғасырдың жүгін аркалап тұр.

Алғашқы он жылдық егемен Қазақстанның өз дербестігін
қалыптастыру кезеңі болды.

Екінші он жылдықта еліміз тұғырын нықтап, керегесін
кенеітіп, іргесін бекітті.

Үшінші он жылдықта мемлекетіміз шын мәнінде, кемеліне
келіп, әлемдік саясаттың төріне озды.

Алдағы төртінші он жылдықта бізді жана міндеттер күтіп тұр.

Елімізді ілгері дамытып, әрбір азаматтың лайықты тұрмысын
қамтамасыз етуіміз керек.

Оны жүзеге асырудың басты жолы – тиімді басқару жүйесі.

Мен Жолдауымда мемлекеттік басқарудың жана үлгісіне баса
мән бергенімді білесіздер.

Осыған орай, көптеген нақты шаралар атқарылуда.

Жалпы, жаңғырудың жан-жақты болғаны жөн.

Бүкіл халқымыз заман ағымына ілесер білуге тиіс.

Өзгерістерге бейімделе алатын жұрт қана уақыт тынысын дөп
басады.

Біз білімді әрі білікті, ұқыпты және жауапты, іскер де
еңбекқор жұрт болуымыз қажет.

Бұл – Ұлы Абай айтқандай, «толық адамның» айқын көрінісі.

Оған қоса, әркімнің жеке қасиеті мен мақсаты елдік
мүддемен тығыз астасып, патриотизмге ұласуы керек.

Сонда ғана мемлекетшілдік идеясы басты құндылыққа
айналады.

Әлеумет.т⁰



ЖҰМЫЛҒАН
ЖҰДЫРЫҚ ПЕН
ҚЫЛДЫРЫҚ

Саптыаякка ас құйып, сабын күзеткен. Бұл,
сірә, жаугершілік заманда, қысылтаяң-қиын
сәтте ата-бабадан қалған сөз болса керек. Шүкір,
қазір бейбіт өмір, төтеден төнген қауіп жоқ.
Дербес тіршілігіміз отыз жылға жақындап қалды.
Десек те, біздің аймақта (*Кіндік Азияда*) астыртын
айқас, беті бүркеулі текетірес бәсеңсмей тұр.
Қазақ еліне сұғын қадап, ел ішіне іріткі салғысы
келетіндер, бәсекелесімен тайталаста ұпайын
түгендеп қалғысы келетіндер көбейді. Мекемтас
ағамыз (*М. Мырзахметов, абайтанушы ғалым*)
айтатын «сексеуіл саясатына» (*Отарлаушыларының*
қазақты қазаққа айдап салуы) жүгініп жатқандар
да баршылық. Бөгденің тиын-тебеніне қызығып,
демократияны желеу еткендер, ұлттың болмысы
мен салт-дәстүріне сына қағудан тайынбайтындар
да бар. Ал ұлыдержавалық шовинизмнің саусағы
әдеттегідей шүріппеде.

Бар қазаққа қастерлі Тәуелсіздік мерекесі
қарсаңында Мәскеудегі орыс әсіреұлтшыларының
арандату әрекеті мен Мемлекеттік дума
депутаттарының китұрқы мәлімдемесі арасында
байланыс бар ма? Кездейсоқтықтан гөрі
сабақтастық сипаты басым сияқты. Екеуінен де
осыдан 30 жыл бұрын қазақтың солтүстік өңіріне
көз алартқан Солженицынның сұмспайы пиғылы
сезіледі. Әлгілерді тарих пен жағрапиядан хабарсыз
деуге ауыз бармайды. Әсіресе, «Ресей жерді сыйға
тартты» деген тарих ғылымының докторы Вячеслав
Никоновты. Өзі анау-мынау емес, Сталиннің
сенімді серігі болған Молотовтың немересі.

Сыртқы істер министрлігі терістік көршімізге
наразылық нотасын бергені сол еді, тағы бір
депутат Евгений Федоров «Жер жалға берілген»
деп соқты. Аты-шулы әріптесі оны іліп-ала
жөнелді. Жөн-жосықсыз, жайдақ әңгімесімен
жұртты өбден мезі қылған Жириновскийдің жынды
сөзі емес, дәл осы Федоровтың парықсыз пікірі
ойлануға мәжбүр етеді. Өйткені, ол билік партиясы
(«*Биртұтас Ресей*») атынан сайланған. Бұл ұйымның
парламенттегі өкілдері беталды сөйлей бермейді.

Ресей билігі мұны депутаттардың жеке
көзқарасы, мемлекеттің ресми ұстанымын
білдірмейді деп мәлімдеді. «Сайлауға дайындық
кой» деп жұмсартып, жұбатқысы бар біреулердің.
Қисынсыз. Себебі, Мемлекеттік думаға сайлау
алдағы күзде. Саяси науқанға әлі ерте. Солтүстіктегі
көршіде қоғамдық ұйымдар, сарапшылар қауымы,
парламент мүшелерінің ең әуелі мемлекет мүддесін
көксейтінін ескерсек, депутаттардың көмеі мен
көкейінде не жатыр? Әсіресе, Ресейдің шынайы
достары барған сайын азайып бара жатқан дәл
қазіргі кезеңде.

Мұның жауабын Мәскеудегі сарап пен талдау
орталықтарында хакім бола бастаған мына бір
тұжырымнан іздеген жөн секілді. Бұл елдегі
сарапшы қауымға жүгінсек, Америкадағы сайлаудан
кейін ірі державалардың ТМД аумағындағы
текетіресі жана сипат алады. Яғни қазба байлығы
мол аймақ үшін күресі қыза түседі. Осы өңірді
өзінің ықпал аймағы деп есептейтін мәскеудегілерге
еліміздің ендігі беталысы мен ұстанымы маңызды.
Қазақстанның қашанда таразы басын тең ұстап,
біреудің қолтығына басыбайлы кіріп кетпейтінін,
көпқырлы сыртқы саясатқа жүгінетінін білсе де,
ара-тұра осылай тас лақтырып қояды.

Іргесі берік, аталы жұрты бар

Қазақ елінің ұлық мұраты –
Тәуелсіздікті тұғырлы ету. Ал «Бес
саусақ жұмылса ғана жұдырық,
жеке тұрса қылдырық – әрдайым
қаперде ұстайтын қасиетті
қағидасы.



Срайыл СМАЙЫЛ

Жақсы сөз



«ҚАЗАҚ
МӘДЕНИЕТІНДЕ
МАҒАН
ҰНАЙТЫНЫ –
ОТБАСЫНЫҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ. БАСТАПҚЫДА
МҢНДА КӨП АДАМ АТА-АНАСЫМЕН
БІРГЕ ТҰРЫП, ОЛАРДЫ КҮТЕТІНІН
ЕСТІГЕН КЕЗДЕ БІРТҰРЛЫ БОЛДЫМ.
КАНАДАДА, ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ,
ОЛАЙ ЕМЕС. ЖӨНЕ ОЛ ҰЯТ!
СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДА КӨП
АДАМ ҚАРТАЙҒАН КЕЗДЕ ЖАЛҒЫЗ
ҚАЛАДЫ. АЛ СІЗДЕР ЕШҚАШАН
АТА-АНАЛАРЫҢЫЗДЫ ЖАЛҒЫЗ
ҚАЛДЫРМАЙСЫЗДАР».

Жан-Франсуа КАРОН,
Назарбаев Университетінің
профессоры



Инфографика

ТАБЫСТЫ
ЖАРИЯ ЕТУ

(2019 жылғы
көрсеткіш)




Дереккөзі: inbusiness.kz

Тағылым

КӨК ТҰЫМЫЗ –
ДУБАЙ ТӨРІНДЕ

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай
Қазақстан туының бейнесі әлемдегі ең
биік ғимарат – Дубайдағы (БАӘ) Бурж-
Халифа мұнарасынан көрінді.



Қазақстанның
Біріккен Араб
Әмірліктеріндегі
елшілігі Дубай
көшелерінде
түсірілген
бейнероликті
жариялады.
Дубайдағы
қазақстандықтар
Бурж-Халифаның
алдындағы алаңға
жиналып, шоуы
тамашалап,
Тәуелсіз Қазақстан
тарихындағы басты
мерекелердің бірін
атап өтті.

Мұзда жанған алау

(Басы 1-бетте)

МЕН КӨРГЕН ЖЕЛТОҚСАН

Қонаев атамыздың орнынан алынғаны туралы суық хабарды «Қазақфильмнің» дубляж залында естідік. Дубляж жасап жатқан артистердің бәрі төбемізден жай түскендей есенгіреп қалдық. «Орнына Колбин деген орысты қойыпты» дегенді естігенде мүлде ұнжырғамыз түсіп кетті. Мына өмірде ешқандай орны жоқ, көзқарасымен ешкім санаспайтын үлкен державалардың алдындағы құл-құтан екенбіз ғой деген тікенек ой-санамызды піскілеп өтті. Әркім сол кездегі Брежнев алаңында басталған оқиға туралы естіген-білгенін айтып жатты. Бірақ сөздеріне қарасам, ешқайсысы

шынғырған әйелдің, жанұшырған ер адамның даусы естілді. Жүгіріп балконға шықсам, үш-төрт адамды көшенің жиегінде қолына қызыл шүберек байлаған «дружинниктер» аунатып тепкілеп жатыр екен. Тіпті қолдарындағы ағаштармен аямай ұрып жатты. Әлгі байғұстар «Меруерт» кафесінен той-тойлап шыққандар болуы керек. Сол үйдің тұрғындары балконнан «Ұрмандар, олардың жазығы жоқ» деп айқайлады. Үйдегі тұрғындардан сескенді ме, жоқ, әлде ұрып жатқан адамдарының қимылсыз қалғанын енді байқады ма, дружинниктер зым-зия жоғалды. Қозғалыссыз жатып қалған байғұстарды сәлден соң сақшылар алып кетті. Жап-жақсы киінген адамдар болатын. Орындарында қарайып көрінген қанның орны ғана қалды. Сол түні ұйқымыз ұйқы болған жоқ. Әр-әр жерден түннің бір ағына дейін айқай-шу, машинаның үні, иттің үргені естіліп тұрды.

Танертен ерте тұрдым. Таңғы алтының шамасында Желтоқсан көшесімен жоғары қарай

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ҚАЗАҚТЫ ҚАЗАҚ БАСҚАРСЫН ДЕП АЛАҢҒА ШЫҚТЫҚ

алаңда болмаған, тек сырттан естігенін ғана айтатын сияқты. Қалайда алаңға баруымыз керек екенін, әсіресе жастар жағы түйсіндік.

Алаңға түстер шамасында келдік. Жиналған адамдармен бірге Фурманов көшесімен төмен түстік. Тобымыз үлкен болатын. Гоголь көшесімен солға бұрылдык. Сол кездегі «Юбилейный» дүкенінің алдында семіз қазақ әйелі орыс тілінде бұрқылдап аузына келгенін айтты. Не айтқанын түгел естімесек те, әйтеуір, бізді еріккен ақымақтарға балап, ұнатпай тұрғаны түсінікті еді. Шетте кетіп бара жатқан жігіттерге сөзі өтінкіреп кеткен болуы керек, әлгі әйелге тұра ұмтылды. Бірақ бастап жүрген жігіттер басу айтып оларды тоқтатты. Кетіп бара жатқан топқа үй-үйдің терезелерінен дауыстап ұрсып жатқандар да болды. Сосын Желтоқсанмен жоғары көтерілдік. Жол бойы әр-әр жерден *(туған жер, Отан тақырыбында)* ән айтылып келе жатты. Есімде көбірек қалғаны «Менің Қазақстаным». Мен бар даусыммен Мұхтар Шахановтың «Арман жолында» әнін айтқам. «Бабамыздың намысындай, Кеуде керіп дала жатыр» деп басталатын асқақ рухты ән. Қайырмасында сөзін білмесе де жанымда келе жатқандардың біразы қосылып кетті. Біз айналып алаңға жеткенде үш-төрттердің шамасы болып қалған еді. Алаңдағы халықтың саны бұл кезде көбейген екен. Сырт жақтың бәрінде топ-тобымен торуылдап милициялар тұрды. Мінбеге шыққан әртүрлі деңгейдегі басшылар микрофонмен халықты сабырға шақырып, тарамаса жаман болатыны туралы ескерту сөздер айтып жатты. Онсыз да ызалы жастарға олардың сөзі онша әсер еткен жоқ. Қорқыту-үркітуге толы қатқыл үні керісінше жағдайды шиеленістіріп жіберді. Ашуға мінгендері соншалықты бір офицердің қалпағын жұлып алып лақтырып та жіберді. Қас қарая бастағанда қолдарына резенке таяқ ұстаған сақшылар күш қолданып тараппақ болды. Қолдарында ештеңе жоқ жастар алғашында күтпеген шабуылдан сасқалақтап қаша бастадык. Сол кезде «Қашпандар!» деген дауыс естілді. Сөйтсек, біраз жігіт алаңның төменгі жағындағы аллеяның жақтауынан мраморды опырып алып жатыр екен. Біз де үйлердің іргетасын, субұрқактың шетіндегі тасты теуіп түсіріп, сындырып, сонымен қаруландық та қайта ұмтылдык. Бірде олар шегініп, бірде біз шегініп, кезек шабуылдасып жаттық. Үкімет үйінің шеткі терезелері сынғаны есімде. Түнгі он-он бір шамасында оларға қосымша күш келді. Саны бағанағыдан әлдеқайда көп әскер Үкімет үйінің артқы жағынан қаптай шығып, бізге қарай лап қойды. Кейбіреулерінің жетегінде қабаған иттері болды. Абалап үрген иттер мен қаптаған әскердің алдында қарусыз жастар не істей алмақ?.. Амал жоқ, алғашында ақырындап шегініп, соны жаппай қашуға ұласты. Арт жағымыздан шынғырған дауыс естіліп жатты.

Сол түні бұрынғы Мир көшесіндегі *(қазіргі Желтоқсан)* 24-үйдің 8-этажындағы 116 пәтерде түнеп шықтым. Түнгі екілер шамасында көшеден

гүжілдеп үш-төрт автолавка тәріздес жабық машиналар өтті. Сәрсен Ысқаков деген суретші жігіт екеуміз тез шығып, үй-үйдің арасымен өтіп, жанағы машиналардың қайда бара жатқанын аңдыдық. Сәрсен арала бірер жыл өткенде белгісіз жағдайда «троллейбус басып кетіпті» деген сылтаумен көз жұмды. Екеу-үшеуі аланның Желтоқсан жағына тоқтады да көшеге кеспелтек темірлер мен ағаштарды шаша бастады, екінші машинадан солдаттар жәшігімен арақ түсіріп алаңның әр жеріне қойып жатты. Қағазға оралған заттарды да лақтырып жатқанын көрдім. Ол кезде есірткі дегенді естімеген кезіміз. Фурманов жағына да апарған болуы керек. Кейінірек жастар алаңға қайта жинала бастадык. Әлдекімдер әлгі арақтарға тұра ұмтылғанда ештеңеге тимеуін, ол заттарды әдейі танертен өкеліп тастағанын айтып қайта тастаттық. Бір есімде қалғаны, арамызда қырғыздың қыз-жігіттері болды. «Айналайын, қазақ туғандар, қанымыз, намысымыз бір. Өлсек бірге өлеміз сендермен!» деп айқайлаған қырғыз әйелдің үнін ұмытқан жоқпын.

Қырғынның ертесіне алаңға келе жатқанымызда бір оқиға өшпестей есімде қалды. Абай даңғылының Желтоқсанға бұрылатын тұсынан бастап кейбіреулерінде ортесткло, кейбірінде көз тұсында көп тесігі бар үлкен қанылтыр қалқан ұстаған солдаттар тұрған. Солардың арасындағы қазақ жігіттеріне деген ызамыз шексіз еді. Қазір ойлап қарасам, ол байғұстар да зорлықпен-ақ тұрған екен-ау. Кенет жап-жас бір қазақ солдаттың тістеніп жылап тұрғанын көріп жүрегім өртеніп кетті. Көзін көлегейлеп, жүзін жасыруға тырысқанымен, бетін жуған жасы еркіне бағынбай сорғалап тұрды. Мен де жылап бара жаттым.

Желтоқсанның бойында Сәтпаев көшесінен Абай даңғылы бағытында 32-автобус тоқтайтын аялдама болатын. Сол жерде топталып тұрған адамдарды байқап, Сәрсен екеуміз соларға жакындадық. Танертенмен дүкенге шыққан қарттар, автобус күтіп тұрған жолаушылардың басым көпшілігі орыс ұлтынан. Орталарында басында сұр папахы бар, үстіне шинель киген орыс офицері аузы тынбай сөйлеп жатыр. «Түнде бұл онбаған, қанішер қалбиттер орыс дetsадтарына кіріп көптеген орыс балаларын өлтіріп тастапты» деген сөзін анық естідік. Орыстар «Ужас!» деп жағаларын ұстап, шоқынып, қарғап-сілеп жатыр. Біз жакындап келгенде әлгі офицер тілін тістей қойды. Сәрсен орысшаға жақсы болатын. «Мынауыңыз қалай? Сіз офицер емессіз бе? Неге өтірік айтасыз?!» дей бергені сол еді, аялдамадағылар Сәрсеннің өзіне дүрсе қоя берді. Түндегі шайқастан соң алаңға

келе жатқан ағаны көріп таң қалдым. «Бұлай жайбарақат жүргеніңіз қалай, аға?» десем, «е, не бопты?» дейді. «Ойбай, өлтіріп кетеді ғой!». «Өлтіріп көрсін» дейді. Үйіне бардық. Останкино сарайында өткен кеші туралы айтты.

— Шығып бара жатқанымда қазақтың жастары «аға-ау, Мұхтар аға-ау, не болып жатыр Алматыда?» деп жылап тұрды. Не айтам оларға, өзімнің де жүрегім қан жылап тұрса? Жок, мұны бұлай қалдыруға болмайды! — деп күйініп отырды. Сол түні жаңа ғана туындап келе жатқан Желтоқсан туралы әнінің алғашқы орамдарын айтып берді.

Жұмысы көп адам ғой, ұмытып қалды ма екен, бірде Мұхтар Шаханов ағамыз «Сен Желтоқсанда қайда болдың?» деп сұрады. Амал жоқ, көп жыл жасырулы жатқан сырды айтуға тура келді. Ойбай-ау, мынауың үп-үлкен оқиға ғой. Сен мұны айтуың керек, Желтоқсанның ақиқаты осындай оқиғалардан тұрады емес пе? Мұның жарамайды!» деп кәдімгідей ренжіді.

МЕН ҚОРҒАП ҚАЛҒАН ҚЫЗ

Не деген ғажап едіндер, қазақтың қыздары!? 33 жыл бойы титтей жақсылығымды ұмытпай жүрегінде сақтап келген қаршадай қазақтың қызы бірде қатты тебіренетті мені. «Аға, сізге ризамын. Анам өле-өлгенше алғысын айтып өтті. Телевизордан көрген сайын айналып-толғанып отыратын», — дейді. Иә, осыдан төрт-бес жыл бұрынғы кездесуде бір қарт ана «Мына жігіт Желтоқсанда менің қызымды қорғап қалған» дегені бар. Сонынан келіп мандайымнан сүйіп, батасын берген. Ол аласапыранда кімді-кім қорғамалды. Қысылып қалғам. Сол күндері қазақ қыздарының батылдығына, қайсарлығына таң қалғанбыз. Көздері жасқа толып «Ал өлтір!» деп ажалға кеудесін тосып алға ұмтылған құрбыларымыздың жайшылықта көріне бермейтін қаһармандығына бас игенбіз. «Біз сендерді білмей жүр екенбіз,

сендер осындай екенсіңдер ғой!» деп елжіреп сүйсінгенбіз. Сол қырғында өңмендеп келе жатқандарға келсең, кел деп қасқая қарап тұрған қаршадай қызды арқаммен қорғап шетке алып шыққам. Бір-екі сокқы жанай ғана тиді. Көзі қанталап, ештеңені тыңдаудан қалып, тағы да алға ұмтыла берген қызды иығынан жұлқылап «Кет бұл жерден! Өлейін деп пе едің? Бұлар ешкімді аямайды. Бар!» деп ұрысқам. Соны жаңа алаңда есіме салып тұр. «Анам қайтыс болған. Мынау әкем, мынау жұбайым» дейді. Айналайын, Раушан қарындасым! Рахмет саған! Мен кетіп бара жаттым. Ол жанындағы 33 жыл бұрынғы дәл өзі сияқты қызға күбірлеп бірнәрсесі айтып жатты.



Байғали ЕСЕНӘЛІ, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

СЕН ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЙДА БОЛДЫҢ?

Мұхтар ағаның Останкино сарайында өткен жыр кешін телевизордан көріп қатты жігерлендік. Жырына тамсана қол соққан мәскеулік көрермендердің Алматыдағы болып жатқан сұмдықты білмейтініне күйіндік. Соны барып Мұхтар ағаға айтқым келді. Кешке, үстінде қызыл тоны бар қаннен-қаперсіз ыңылдап

Суреттер сөйлейді

ЕРЛІККЕ ҚОЙЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

SERPIN

www.jasqazaq.kz

Сұхбат

Тәуелсіздік күні қарсаңында газетіміздің тілшісі «CNPC International in Kazakhstan» компаниясы еңбек ресурстары бас директорының орынбасары Райхан Әбдірасыловамен сұхбаттасты.

Р.Әбдірасылова: Әнгімеге кіріспей тұрып, *Jas qazaq* газетінің ұжымы мен оқырмандарын еліміздің айтулы мерекесі — Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтағым келеді. Барша жұртқа жемісті еңбек, зор денсаулық пен бақауттылық, ашық аспан мен бейбіт өмір тілеймін!

Jas qazaq: Көп рахмет, біз де өз кезегімізде сіздерге барлық жақсылықты тілейміз. Ал енді әңгімені бастайық. Райхан Серікқызы, сіздерде негізгі бағыт қызметкерлермен жұмыс істеу екенінен хабардармыз. Сондықтан Сіздің құзыретіңізге қатысты мәселелерге тоқтала кетсек.

Р.Әбдірасылова: Ең алдымен Қытай Ұлттық Мұнайгаз Корпорациясы инвестициялық қызметінің Қазақстанда қарыштап дамуы 1997 жылы басталғанын айта кетейін. 23 жылдың ішінде CNPC Қазақстанның мұнайгаз өнеркәсібіне 45 млрд доллар инвестиция құйды, 48 млрд доллар салық төледі және қоғамдық қайырымдылық ісіне 400 млн доллар жұмсады. Қытай кәсіпорындарында 30 мыңнан аса адам жұмыс істейді. Оның 98 пайызы — Қазақстан

орындарындағы зиянды да қауіпті айрықша еңбек жағдайын ескере отырып, жыл сайын өнеркәсіп қауіпсіздігін сақтау, жұмыскерлердің еңбегі мен денсаулығын қорғауға арналған міндетті тренингтер өткізіледі. Әдетте, оны осындай қызметті жүргізуге лицензиясы мен құқығы бар қазақстандық оқыту орталықтары ұйымдастырады.

Сонымен бірге, оқып, дайындықтан өткен жаттықтырушылар — тәжірибелі кәсіби мамандар мен өндіріс озаттары қатарынан құралған өндірістік оқыту шеберлері кадрларды тікелей жұмыс орындарында техникалық дайындау және қайта дайындаудан, сондай-ақ арнайы жабдықталған кабинеттерде, зертханаларда макеттерді, көрнекті құрал, үлестірме мәліметтер, жаңа техникалық әдебиет және т.б. пайдалана отырып курстар өткізеді.

CNPC кәсіпорындарында

жұмысқа орналасу және мансабын өсіру жағынан басымдық құқығына ие. Бірлескен кәсіпорындарда жұмыс істейтін қытай мамандары туралы да бірер сөз айта кеткім келеді. Қазақстанда олар бірнеше айдан 2-3 жылға дейін іссапарда болады. Бұл жобаның жүзеге асу уақыты, көрсетілген қызметіне қарай рұқсат мерзімі және маманның сұранысқа ие болуына байланысты. Іссапарға келер алдында үміткерлер кәсіби жарамдылығы жағынан қатаң тексеруден өтеді. Қазақ, орыс немесе ағылшын тілін білуі, жеке және іскерлік қасиеттері, өзге де өлшемдер есепке алынады. Өзімнің жұмыс тәжірибемен компанияда қытай әріптестерімнің тарапынан тәртібі немесе жұмыс жағынан бірде-бір жағымсыз іс-әрекет байқалмады. Олар өте еңбеккор және жауапкершілігі зор.

Jas qazaq: Компания мақсатына жету үшін әйел жұмыскерлер де қомақты үлесін қосып жатыр. Компанияда гендерлік саясат жағы қалай?

Р.Әбдірасылова: Еңбек ресурстары саласындағы маңызды бөліктің бірі, әрине, гендерлік сипат екені белгілі. Тау-кен өндірісінде — мұнайгаз және уран саласындағы статистикалық деректер көрсеткендей, мұнда әйелдердің үлесі азырақ. Нәзік жандар негізінен әкімшілік қызметтерде. Техникалық және өндіріс орындарында 20 пайыз шамасында. Ал жұмыс орындарының басым бөлігі дәл осы бөлікте шоғырланған.

CNPC корпорациясы Қазақстанда әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейте отырып, гендерлік әртүрлілік мәселесіне ерекше мән береді. Шымкент мұнай өңдеу және Жанажол газ өңдеу зауыттарындағы модернизация және автоматтандыру, жаңа техника мен технологияларды енгізу, тек ерлер жұмыс істей алатын дәстүрлі жұмыс орындарында еңбек жағдайын жақсартудың

пен қызметкерлердің денсаулығын қорғау негізгі басымдық болып табылады.

Биылғы наурызда, елімізде карантин әлі жарияланбаған кезде, CNPC қызметкерлердің денсаулығын қорғау бойынша сақтық шараларын қолға алды. Үздіксіз өндіріс процесіне тартылмаған қызметкерлер бірінші болып қашықтан жұмыс істеуге жіберілді. Компания қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілді. Ковид қаупін ескерту жөнінде штаб құрылып, әркімнің вирустан қорғаныс және тазалық сақтау ережесі түсіндірілді.

Пандемия басталған соң компаниядағы медицина бөлімшелерінің жұмысы күшейтілді. Ғимараттың кіреберісіне санитарлық өңдеуден өткізетін туннельдер мен қашықтан дене қызуын өлшейтін қондырғы орнатылды. Антисептик ыдысы қойылып, бетперде мен қолғап жеткілікті дәрежеде таратылды. Кесел жұқтыруды азайту мақсатында қатаң қашықтықты сақтау жүйесі енгізілді.

Жалпы алғанда, қолға алынған шаралар өзінің тиімділігін дәлелдеді. Біз мұны алдағы жылы да жалғастырамыз.

Jas qazaq: CNPC биылғы жылы коронавирусқа қарсы күресте қазақстандықтарға қандай қолдау көрсетті?

Р.Әбдірасылова: CNPC өзінің қазақстандық серіктестерінің бірімен бірлесе отырып, өңірлерге дәрі-дәрмек, қорғаныс құралдары, компьютерлік томографтар, жедел жәрдем көліктері, жасанды желдеткіш аппараттарын (ЖЖА) және т.б сатып алу үшін «Халық» қайырымдылық қорына 4 млрд теңге аударды.

«ҚазМұнайГаз» компаниясымен бірлесіп, Шымкент пен Алматы облысындағы медицина мекемелеріне 50 оттегі концентраторын жөнелттік. Пандемияға қарсы күресте CNPC еншілес компаниялары да сырт қалған жоқ. Айталық, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ жедел жәрдем көліктерін, ЖЖА аппараты мен өзге де техниканы сатып алуға 800 млн теңге бөлді. «СНСП-Ақтөбемұнайгаз» АҚ дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдық сатып алуға 55 млн теңге жіберді. Осы мақсатта «Қазгермұнай БК» ЖШС 160 млн теңге, ал «Бозашы Оперейтинг

CNPC INTERNATIONAL IN KAZAKHSTAN: БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ 98 ПАЙЫЗЫ – ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ

Республикасының азаматтары.

CNPC жобаларындағы жұмыс шетел инвесторларына қатысты заңдар мен нормативтік актілер талаптарына сай, сондай-ақ Қазақстанның салалық министрліктері мен мекемелері тарапынан үйлестіріледі. Қазақстандағы CNPC кәсіпорындарының ұйымдастыру құрылымы еліміздің мұнайгаз саласында жұмысын жүзеге асыратын басқа да бірлескен кәсіпорындардың құрылымына ұқсас. Компанияларда өндірістік қызмет департаменттерімен қоса, еңбек ресурстарымен жұмыс жүргізу, персоналды басқару, адам капиталын дамыту, қызметкерлерді іріктеу және жалдау, мамандарды кәсіби дайындау және қайта дайындау, қызметкерлердің іс-қимылын бағалау, ел экономикасы үшін кадр резервін дайындаумен айналысатын бөлімшелер бар.

Jas qazaq: CNPC кәсіпорындарында персоналды жұмысқа қабылдау және жалдау жөніндегі жұмыс қалай жүзеге асырылады?

Р.Әбдірасылова: CNPC компанияларындағы қызмет орындарына персоналды іріктеу және жалдау бағытындағы жұмыс — айтарлықтай жауапты да күрделі процесс. Әдетте, ол үш бағытта жүзеге асырылады: көпшілікке қолжетімді интернет-ресурстарда қызмет талабын көрсету арқылы бос орын туралы жариялаймыз. Сонымен қатар, бізбен ынтымақтастық келісімге отырған рекрутинг компанияларға сұраным жібереміз. Сондай-

қызметкерлердің екінші жоғары және орта-арнайы білім алу, магистрлік және докторлық бағдарламамен тек қазақстандық емес, шетелдік оқу орындарында білім алуына қолдау көрсетіледі. Бұл өндірістен қол үзу немесе үзбей-ақ жүзеге асырылуы мүмкін. Жұмысшылар CIPD, ACCA, CFA, CIMA, CPA сияқты түрлі халықаралық сертификатталған курстарда оқытылады.

Мәселен, «СНСП-Ақтөбемұнайгаз» АҚ қызметінің 23 жылдық тарихында кәсіпорынның 1200 маманы Қытайдың жетекші мұнайгаз жоғары оқу орындарында (ЖОО) біліктілікті жетілдіру курстарынан өтті. Негізінен жұмыскерлер Бейжің және Шаньдун провинциясындағы Циндао университеттерінде, сондай-ақ Дацин кен орнындағы кәсіпорындарда оқытылады. Аталған ЖОО-лар Қытай мұнайгаз саласында жетекші салалық білім беру және ғылыми-зерттеу орталықтарының мәртебесіне ие. Олардың түлектері әлемнің көп елдерінде жемісті еңбек етіп жүр.

Тағы бір мысал айта кетейін: жуырда кезекті тәжірибеден өткен «СНСП-Ақтөбемұнайгаз» АҚ ардагері, 26 жылдық тәжірибесі бар Юрий Шикарев Қытайдың мұнайгаз саласындағы инженерлік-техникалық ойдын жана жетістіктерімен өз білімін тереңдете түскенін жеткізді. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі кезде Қытай мен АҚШ мұнайгаз саласының ғылым мен кадр дайындау бөлігінде алдыңғы қатарда тұр.



нәтижесінде әйелдердің жаңа мамандықтарды игеруіне кең жол ашты.

Әйел-Ананы жан-жақты қолдауға бағытталған түрлі шаралар да қолға алынып жатыр. Еңбек етуге және өндірістегі мансапты

ЛТД» компаниясы медицина қызметкерлеріне 300 қорғаныс киімі мен мыңдаған қолғап жөнелтті.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС Шымкент әкімдігіне қолдау көрсету үшін, ЖЖА аппаратын сатып алуға және медицина



ақ мағлұматтар базасындағы үміткерлердің резюмеін сәйкестік жағынан қараймыз. Мұнда университеттер базасында өткізілетін «вакансиялар жәрмеңкесінен», азаматтар тікелей жолданған және өзге де көздерден келіп түскен резюмелер жинақталған.

Іріктеу әдетте кәсіби және қызмет орнына қойылатын жалпы талаптарға байланысты бірнеше кезеңнен (3-тен 5-ке дейін) тұрады. Жұмыс талабына сай мамандарды еңбек нарығында таба алмаған жағдайлар да болып тұрады. Ондай кезде алыс және жақын шетелден тарбейінді шетелдік мамандар мен кәсіби қызметкерлерді тарту қарастырылады.

Jas qazaq: CNPC кәсіпорындарында мамандарды оқыту және қайта дайындау қандай бағыттарда жүргізіледі?

Р.Әбдірасылова: Бұл — өте күрделі және маңызды бөлік. Бұл бағыттағы жұмыс тұрақты және жоспарлы түрде жүргізіледі. Персоналды оқыту және дамыту әр түрлі формада және бағытта жүзеге асады. CNPC өндіріс

Сондықтан біздің мамандар тек Қазақстанның еңбек нарығында ғана емес, сыртта да сұранысқа ие болуы үшін, білім мен тәжірибеде ең үздік халықаралық үлгілерге иек артуымыз керек.

Бүгінде көптеген жастарымыз CNPC грантымен білім алып жатқанын айрықша атап өткім келеді. Қытайдың мұнай институттарында білім алып жүрген студенттер — Ақтөбе облысының тумалары Бексұлтан Сапар және Болат Бекасыл ондағы білім беру денгейін жоғары бағалайды. Олар бакалавр (5 жыл) және магистр (4 жыл) бағдарламасын тәмамдаған соң елге оралып, Қазақстан кәсіпорындарында еңбек етуге ниетті. Түлектердің айтуынша, компания бөлетін грант қаржысы оқуға қатысты барлық шығынды жабатындықтан, қосымша жұмыс істеудің қажеті жоқ. Соңғы бес жыл ішінде CNPC Қытайға 500-ден астам қазақстандық студентті оқуға жіберді.

Әлбетте, CNPC грантымен жоғары кәсіби білім алған мамандар корпорация кәсіпорындарында



отбасылық өмірмен ұштастыруы үшін қолайлы жағдай жасалды. Атап айтқанда, ыңғайлы жұмыс кестесі көзделіп, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылған. Сондай-ақ, бала туу және оны күтуге байланысты заңнамада көрсетілген нормадан тыс материалдық көмек беріледі.

Нәзік жандардың энергетика секторындағы орнына тоқталғанда, KAZENERGY Әйелдер энергетика клубы Атқару Комитетінің осы мәселеге қатысты рөлін айрықша атап өткім келеді. Осы салада жұмыс істейтін әйелдерді қолдауға арналған оқыту және тәлімгерлік бағдарламалар, форумдар бар.

Jas qazaq: Биыл коронавирус пандемиясына байланысты ұжымның қызметінде қандай өзгерістер бар? Қызметкерлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолға алынды?

Р.Әбдірасылова: Қытай Ұлттық Мұнайгаз Корпорациясының Қазақстандағы бірлескен кәсіпорындарында әлеуметтік жауапкершілік

мекемелерінің өзге де мұқтаждықтарына арнап 200 млн теңге бөлді. Дәрігерлерге 4 мың бетперде мен 300 қорғаныс киімін алып берді. Қызылорда өңіріне көмек көрсету аясында «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ Қазалы аудандық ауруханасында оттегі стансасын орнатуға 60 млн теңге шамасында қаржы аударды.

«North Caspian Operating Company» консорциумы Атырау облысында COVID-19 індетіне қарсы күреске 3,5 млрд теңге бөліп, қолдау көрсетті. Бұдан басқа, компания Атырау және Манғыстау облыстарында 200 орындық екі модульдық аурухана салды.

Алдағы кезде дағдарыс пен пандемияны еңсеріп, бәріміз қалыпты өмір салтымызға қайта ораламыз деген үміттемін. Қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен және алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!

Jas qazaq: Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңыз үшін рахмет!

Талан ТІЛЕГЕН

Есімі өзгертілген кейіпкеріміз Айман деструктивті діни теріс ағымды ұстанушылардың ортасында 6 жыл қамауға бергісіз өмір сүріпті. Ол сәләфизм ағымындағылардың өз ортасында қандай екенін жасырмай әңгімелеп, олардың шын бет-бейнесін ашып берді. Ол «14 жастағы қызыма бір сәләфит көз салып, екінші әйелдікке алғысы келді. Сәләфиттер арабтар сияқты бетті бүркеуді, қара түсті киім және қолға қолғап киюді, әйел кісі ер адаммен сөйлескен кезде дауысын ер адам сияқты өзгертіп сөйлеуді бұйырады» дейді.

— Айман! Ата-баба жолынан айнып, адасқан ағым жетегінде кеткен қаракөз әпке-қарындастың қатарында сіз де болдыңыз. Ата діннен безіп, ағым қуалап, дәстүрден аттап жүріп, үйірге қайта қосылдыңыз. Оған да «шүкір» делік. Енді сол өткеніңізден өзгелер сабақ алса жақсы. Аласу неден басталды?

— Иә, білместігімен басымды тау-тасқа ұрғаным рас. Өзіңіз айтқандай, үйірге қосылғаным үшін Құдайға тәубе! Мен намазды 15-16 жасымда ағамның таныстыруымен Ханафи мәзһабымен намаз оқитын бір ападан үйренгенмін. Бірақ үйдегілер намаз оқып, ормал тағуыма қарсы болды. Сосын күйеуге шығуға мәжбүр болдым.

— Күйеуіңізбен қалай таныстыңыз? Танысқан кезде намаз оқитын ба еді? — Интернет арқылы таныстым. Ол да намаз оқуды бастағанына көп болмаған, діни білімі жоқ еді. Сөзіміз жарасып, отау құрдық. Ол кезде Ханафи мәзһабымен намаз оқып жүрді. Біраз уақыт өткеннен кейін өзгере бастады. Себебі көршіміз сәләфи ағымның өкілі болды да, соның ықпалында кетті. Бірақ маған ештеңе айтпайтын. Мен тек үйде балаларға қарап отырдым. Кейін үшінші балама аяғым ауырлап, ауруханада жатқанымда ғана оның ұсталғанын естідім. — Кімнен естідіңіз? Нақты қандай себептен ұсталды? — Ауруханада жатқанымда күйеуімнің туыстарынан естідім. Атырау қаласында

күйеуімнің жақтастары хабарласып, көмектесті. Үй берді. Менің басқа барар

жер, басар тауым болмағасын, шарасыздан сол жаққа барып тұрдым.

— Ол қандай орын? Сізден басқа кімдер болды ол жақта? Қанша уақыт тұрдыңыз? — Ол жерді «сәләфизмнің ордасы» деп айтуға болады. Сырты қоршалған, көп бөлмелі жер үйлер. Кілен сәләфи ағымның өкілдері тұрады. Мен ол жерде 6 жыл тұрдым.

— Алты жылда сол ағым өкілдерінен қандай қиындық көрдіңіз?

— 6 жыл бойы менің бас бостандығым болған жоқ. Түрмеде отырғандай күй кештім. Емін-еркін жүріп-тұра алмаймын, туыскандарыммен де араласа алмадым. Кішкентай балаларым да ойнай алмайды, ауладан шығармайтын. «Көпірлермен араласпа, көпірлермен дос болма!» деп жан-жақтан айқайлайтын. Кішкентай балалардың санасын ұлап, «көпірлермен араласпа» деп миына құйып отырады. Тек өздерінің отырыстарына апаралды. Дастархан жайып, «Алланы ұлықтаймыз» деп тамаққа шақырады. Өздері алып кетеді, Өздері әкеліп тастайды. Берген тамағы желкемнен шығатын. Басқа баратын жерім болмағасын, амалсыз көндім.

— Сол уақыттарда олар ұстанған сенімді, олар жасаған іс-әрекетті сіз де жасадыңыз ба?

— Олар маған өздерінің сәләфизм ағымындағы адамдардың лекциясын тыңдатып, насихаттады. Ешқандай мешіттен білім алмаған соң, білімім болмаған соң

ШАРИФАТТА ТУЫС-ТУҒАНДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҰЗУҒА БОЛМАЙДЫ. «ТУЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ САҚТАҒАН ЖАННЫҢ ЖАСЫ ҰЗАҚ БОЛАДЫ» ДЕГЕН ХАДИС ТЕ БАР. ОҒАН ҚАТЫСТЫ КӨПТЕГЕН АЯТТАР ДА БАР. СОНЫҢ БАРЛЫҒЫНА БҰЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫ БОЛДЫ.

— Балаларға қандай зорлық көрсетеді?

— Мысалы, 4-6 жастағы ойын баласын намаз оқуға мәжбүрлейді. Ойнап жүріп, намаздарын ұмытып кетсе, кешіктірсе, ұрады. Ұрғанда да денелері көгергенше, таңба түскенше өте қатты ұрады. Балаларға намазды мәжбүрлеп оқытады. Өзге балалармен араласса, өлен айтса, жанды нәрсенің суретін салса, кез келген нәрсені жаймен емес, күшпен түсіндіреді. «Көпірлердің оқуын оқытуға болмайды» деп балаларды да мектепке бергісі келмейді, тек заңнан қорыққаннан амалсыз оқытып отыр. Бірақ «мектепте «көпірлермен» амандасуға, олармен сөйлесуге болмайды» деп миына құйып жібереді. Сондықтан сәләфизм ағымындағы адамдардың өзі де, балалары да тұйық болады. Мысалы, мен де ішімдегі жан-сезімдімін емін-еркін айтып жеткізе алмайтын күйге түстім. Балалары да сондай күй кешеді. Өздерін адамдардан алыс ұстайды,

— Ол ортадан қалай құтылдыңыз? Өзіңіздің жат ағым жетегінде жүргеніңізді қалай білдіңіз?

— Мен ол ортадан Дін істері басқармасының көмегімен шықтым. Сол тұрып жатқан жерімізге теологтар келетін. Бірақ оларды кіргізбейтін. Бір күні ауланың есігі ашық қалған кезде теологтар кіріп келді. Қуып шығара алмады. Сосын теологтар аты-жөнімізді сұрап, сөйлесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Телефон нөмірімізді алып, хабарласып тұрды. Бір күні Дін істері басқармасына шақырды. Сол күннен бастап теолог, психологтармен жиі сөйлесіп тұрдым. Олар маған діни білім берді. Мен оларға сәләфиттердің ортасынан шыққым келетінін айтып, көмектесуін сұрадым.

— Сәләфилер сіздің теологтармен, психологтармен сөйлесіп жүргеніңізді біліп, кедергі жасаған жоқ па?

— Білді. «Неге олармен сөйлесесіз, неге олармен кездесесіз, олармен сөйлесуге болмайды» деп миымды ашытты. Бірақ олар өздерінің маған жасаған жамандықтары ашылып қалуынан қорқып, маған көп қысым жасай алған жоқ. Жалпы теологтармен сөйлеспей тұрып та, іштей олардың жолы бұрыс екенін түсінгенмін. Олар ұстанған сәләфизм ағымы ислам дініне ешқандай сәйкес емес. Бірақ менің ол ортадан шығып кетуіме, бір жағынан, қорқыныш, екінші жағынан, жағдайымның жоқтығы себеп болды.

— Олар өз орталарына адамдарды қалай тарттады?

— Мұқтаж адамдар болса, соларға көмектесуден бастайды. Тұратын жері болмаса немесе ақшадан қысылып жүрсе «мейірім» танытып, көмектеседі. Содан кейін мемлекетті жамандай бастайды, өздерінің айласымен идеологиясын сіңіреді де, тартып өкетеді. Ер адамдар білдіріп қоймаса үшін, өздерін сақтау үшін құқық қорғау органдарына «көз қылып» қана мешітке барады. Бірақ мешітте имаммен оқылған намазды қабыл болды деп мүлдем есептемейді. Үйлеріне қайтып келген соң намазды қайта оқиды.

— Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жокқа шығара ма?

— Жалпы салт-дәстүр шариғатта болмаған себепті оның барлығы харам, ширк, бидғат болады деп есептейді. Мысалы, ата-енеге иіліп сәлем етуді Аллаға серік қосу деп есептейді деген сияқты. Ата-анасы өз діндерінде болмаса, оларды «кәпір» деп, «оларды сыйлау, кәпір адамның ризалығын алу міндет емес» дейді. Мысалы, ислам дінінде ата-анаң қанша жерден жаман болса да, намаз оқымаса да, тіпті басқа дінде болса да олардың ризалығын алуды қатаң бұйырады. Бұларда ондай жоқ. Мұсылман болса да, намаз оқымағаны үшін кәпірге шығарады. Музыканы да харам дейді. Қайтыс болған адамға құран бағыштауды да харам дейді. Айта берсе, шектеу өте көп.

— Адамдардың бұл ортаға түсіп кетуіне тағы қандай себептер бар деп ойлайсыз?

— Итермелеген нәрселер өте көп. Әуелі діни сауатсыздық, интернетке тәуелділік, шамадан тыс әуестік сияқты факторлар әсер етеді. Сосын қоршаған ортаға, яғни араласатын адамдардың ықпалы күшті болады.

— Қазіргі өміріңіз қандай? Тұрмысыңыз, туыс-туғандармен қарым-қатынасыңыз қалпына келді ме?

— Құдайға мың тәубе! Ол ортадан шыққаным қазір төрт жыл болды. Осы төрт жылдағы өмірім үшін Аллаға сансыз шүкір. Есіме түскен сайын ол ортадан құтылғаным, өзіме, балаларыма бостандық сыйлай алғаным қатты қуанамын. Шамам келгенше, ол күндерді есіме түсірмеуге тырысамын. Себебі ол күндер — өмірімің ең ауыр сәттері...

Қазір жұмысқа тұрдым, балаларым мектепте. Барғымыз келген жерге еркін барамыз, араласқымыз келген жандармен араласамыз. Жақындарыма қарауға қатты ұяламын. Соншама жыл олармен араласпадым, қуаныш, қайғыларына ортақтаспадым. Қазір сол қатемді түзеу үшін туыс-туғандарыммен араласып, үйге шақырып немесе оларға барып, барынша жақындасуға тырысамын.

Бір кездері намаз оқымағаны үшін «кәпір» деп, қамқорлығынан бас тартқан анамның көңілін тапқым келеді. Жанымда жүрген «жәннаттың» қадірін білмегенім үшін қапаланамын. Сондай опасыздығыма қарамастан, мен үшін қайғырып, дұға жасаған ата-анамның ақ батасын алуға тырысамын. Бәлкім, мені бұл батпақтан құтқарған сол кісілердің көз жасын көл қылып жасаған дұғасы шығар... Өткенім үшін өкінем, бүгінім үшін шүкір етемін.

— Осы ағымда жүрген қыздарға, аналарға не айтасыз?

— Өзім сияқты адасқан әйелдерге, аналарға «өзіңіздің және балаларыңыздың өмірін, болашағын ойланғандар, менің жасаған қателігімнен ғибрат алып, жат ағымның жетегінде кетуден сақтанасыздар екен!» деймін. Дінде ешқандай зорлық та, мәжбүрлік те жоқ. Ислам діні бейбіт өмір сүруге шақырса, сәләфизм ағымы, шынын айтқанда, тек зорлық-зомбылық, бірін-бірі анду, өздерін әр нәрседен шектеп, қоғамнан оқшауланудан тұрады. Сол үшін де дін үйренгісі келген адам арнайы мамандарға, имам, молда, теологтарға жүгінгені дұрыс дер едім.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Ерзат ТӨЛЕШҰЛЫ,

теолог,
Маңғыстау облысы

«ӨЗІМЕ, БАЛАЛАРЫМА БОСТАНДЫҚ СЫЙЛАҒАНЫМА ҚУАНАМЫН»



болған терактіге қатысы болғаны және «жиһадқа» барамыз деп дайындалғаны үшін ұсталды.

— Ол оқиға туралы жалпы білесіз бе? — Мен оны кейіннен білдім. Сирияға кету мақсатында қаражат пен адамдар жинап кетейін деп жатқан кезінде әшкерә болыпты. Бір үйде жиналып, жоспар құрып отырғанда құқық қорғау органдарының арнайы операциясы кезінде ұсталды. Араларында көдімгі үлкен атыс болған. Өлгені өліп, қалғаны құрыққа ілінген. Оның ішінде менің күйеуім де бар. Кейін соттың үкімімен 12 жылға сотталды.

— Одан кейін сіз қайда қалдыңыз? Қалай күн көрдіңіз?

— Одан кейінгі өмірім өте қиын болды. Үш баламен жалғызбасты ана болып қалдым. Басымызда үй болмады. Қолымда құндақтаулы бала болған соң жұмыс та істей

басында сендім. Себебі солардың ортасында отырдым. Сыртпен байланыс жоқ. Кейіннен ойландым, бұлардың айтқандарының барлығы шариғатқа қайшы. Мысалы, шариғатта туыс-туғандармен қарым-қатынасты ұзуға болмайды. «Туыстық қарым-қатынасты сақтаған жанның жасы ұзақ болады» деген хадис те бар. Оған қатысты көптеген аяттар да бар. Соның барлығына бұлардың іс-әрекеттері қарама-қайшы болды. Егер туған анаң, әкең немесе бауырың намаз оқымаса, оларды көпірге шығарып, жек көруге тиіссін. Олармен мүлдем араласпау керек. Одан соң Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын адамдар сойған малдың етін жемейді. Себебі оларды мұсылман деп санамайды. Олар тек сәләфизм ағымындағы адамдар сойған малдың етін ғана жейді. Сондықтан да Қазақстанды «кәпірлердің елі» деп түсінеді. Сол үшін бұл елден көшіп, жиһадқа кету керек дейді. Хадис, аяттардың көбін тікелей мағынасында түсінеді. Мысалы, «Бұл өмір — мұсылмандар үшін — түрме, ақырет — жәннат» дегенді олар тура сол мағынада қабылдайды. Осы өмірде біз ешқандай қызық көрмеуіміз, ешкіммен араласпауымыз керек деген түсінікте.

Өздерін ағайын-туыстан, қоршаған ортадан оқшаулайды. Тек өз көзқарастарымен сай адамдармен ғана араласады, соларды ғана мұсылман деп санайды. Олардың мақсаты — өлім. «Тезірек бұл дүниемен қоштасып, Аллаһ жолында олу керек» деген түсінікті саналарына сіңірген.

— Демек, алты жыл бойы құлшылықты солардың ережесі бойынша жасадыңыз ғой?

— Иә, намазды солар оқығандай оқыдым. Оларда әйел адам азан шақырады, имам болады, намазды жамағатпен оқиды. Сол ортада олармен қосылып, намаз оқыдым. Алты жыл бойы бір жерде, бір аулада, ешкіммен араласпай, ағайын-туыстарымды көрмей өмір сүрдім. Балаларымды, өзімді қай жерде жүргенімізді үнемі тексеріп, мектепке барған балаларымды артынан андып отыратын. Қызым «үнемі артымаңнан андып жүреді» деп қорқатын. Бірақ мектепте рұқсат бермегендіктен, хиджаб киген жоқ.

БІР КЕЗДЕРІ НАМАЗ ОҚЫМАҒАНЫ ҮШІН «КӘПІР» ДЕП, ҚАМҚОРЛЫҒЫНАН БАС ТАРТҚАН АНАМНЫҢ КӨҢІЛІН ТАПҚЫМ КЕЛЕДІ. ЖАНЫМДА ЖҮРГЕН «ЖӘННАТТЫҢ» ҚАДІРІН БІЛМЕГЕНІМ ҮШІН ҚАПАЛАНАМЫН. СОНДАЙ ОПАСЫЗДЫҒЫМА ҚАРАМАСТАН, МЕН ҮШІН ҚАЙҒЫРЫП, ДҰҒА ЖАСАҒАН АТА-АНАМНЫҢ АҚ БАТАСЫН АЛУҒА ТЫРЫСАМЫН.

алмадым. Әке-шешемнің көмектесетін жағдайы жоқ еді. Бауырларымның да өз отбасы бар. Осындай жағдай басымнан өтіп жатқаны үшін туыскандарымнан ұялдым. Сол кезде маған сәләфизм ағымындағы



TIRSHILIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Баға, қайда барасың?

Шымкентте сенбі-жексенбіде базар атаулы жабық. Сондықтан аптаның соңғы жұмыс күнінде бүкіл керек-жарағыңды алып қалуға тырысасың. Біз де жұма күні Шымқаладағы ең арзан саналатын Қырғы базарға бет алдық. Қалаға келген кезде міндетті түрде кіріп шығатын шаһардың көрікті жерінің бірі – шығыс базары Qyrgy Bazar дәр едік. Еш жерге ұқсамайтын өзіндік қайнаған ырғағы бар. Бір кездері «Көл» базары деп аталатын. Сыртындағы жайма базардағы заттар ішкі жағынан сәл арзандау сатылады. Қараша халық әдеттегідей сол жайманы жағалап жүр. Онда киім-кешектен бастап жаңа піскен жеміс, көкөніс, сүт және ет өнімін арзан бағаға алуға болады. Қос өкпеден қысқан қымбатшылық, ауыздықтауға көнбейтін баға – базаршы қауымның басты сылтауы.

Қара базардың кіреберісінде бір күзетші келушілердің бетперде киген-кимегенін қадағалап тұр. Бетпердесі жоқтар ішке кіре алмайды. Мен ішке еніп, ас атасы – наннан бастайын деп, күлімдеген жайдары жүзді келіншектің жанына келдім. Нанның ең арзаны – 80 тенге, ең қымбат пәтір нан – 300 тенге. Кей жерде 90–100 тенгеден де сатылып жатыр. Ал керек болса!

Қазақ ет жемесек, отыра алмаймыз ғой. «Ет аласыз ба, жас малдың еті, келіңіз» деп бір жігіт ағасы шақырады.

– Сияр етінің бір келісі – 1900–2000 тенге, жентектелген ет – 2200–2250 тенге, жылқы еті – 2400–2500 тенге, қазы – 3000 тенге, жая – 3000 тенге, қарта – 1000 тенге. Қой еті – 2000 тенге, құйрық – 2300 тенге. Бауыр – 700 тенге, бас – 1000–1500 тенге, – деп зуылдап тұр.

– Не деген қымбат?! Бұдан бұрын 1850 тенгеден алып жүр едік қой.



және мал тұқымын асылдандыру бөлімінің бас маманы Бейсенбай Асқарұлы құс тұмауының әлеуметтік тағам құнына әсер етпейтінін алға тартты. «Шымкент құс» ЖШС-нің құрылтайшысы Әбілқасым Досболов та бұл жағдайдың індетпен байланысты емес екенін айтты. Оған бидайдың 80 тенгеден 97 тенгеге өсуі әсер

сырттан келеді. Сол үшін бізде баға өзгеріп отырады», – деп түсіндірді.

Сағындық аға Шымкенттің базарына Өзбекстан мен Қырғызстаннан көкөніс тасиды екен. Екі елдің бағасында сәл ғана айырмашылық бар. Негізі өзбек ағайындардың тауары арзанырақ.

Алыпсатар ағамыз: «Өзбекстанда жеміс түрлері бізге қарағанда өте арзан. Ол жактын халқы бізден екі есе көп. Сол үшін ауыл шаруашылығымен айналысады. Жеміс өнімін экспорттаушы мемлекет болып табылады. Қазақстанға, Ресейге жібереді», – дейді. Оның айтуынша, Ташкенттен шыққан бір тауардың бағасына Шымкентте 100 тенге қосылады,

Алматының «Алтын орда» базарына жеткенде 200 тенге, Көкбазарға барғанда 500 тенге қосылады екен.

Біз оған: «Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің мәліметінше, биыл азық-түлік – 8,3, азық-түлік емес тауар – 4,5, ақылы қызмет бағасы 3 пайызға көтерілді. Сіз осы айтылған мәліметтермен келісесіз бе?» деген сұрақ қойдық. «Қайдағы, тиісті министрлік құрғақ сандар мен жалған мәліметтерді айтудан жалықпайды екен. Қазақстандағы ең арзан қала – Шымкенттің өзінде баға барлық салада 25 пайызға өсті. Әсіресе, азық-түлік. Мен осы Қырғы базарда 1995 жылдан бері делдал болып істеп келе жатырмын. Құй сенерсіз, күй сенбессіз, сол жылдары 1000 тенгеге 1 айға жететін азық-түлік алатынбыз. Ол кезде 1000 тенге табу да оңай емес еді, – делі де делдал ағамыз телефонынан сол жылдары сақталып қалған бір кіріс-шығыс дәптеріндегі бағаны көрсетті. Ол кезде мен бес жасар бүлдіршін екенмін.

Әлгі қойын дәптерде: «Қой еті – 50 тенге, сияр еті – 40 тенге, сарымай – 150 тенге, картоп – 16 тенге, шекер – 42 тенге» деп жазылған. Сол уақытта базар саудасын қыз-қыз қайнатқан делдал айтқан соң сенбеске амал қалмады.

БАЗАРДАН ҚАЙТҚАНДА

Қырғыдан артынып-тартынып үйге қайтып барамын. Ойша кеткен шығынды есептеп келемін.

Қантардан бастап зейнетақы мен жалақы 30 пайызға өсіп еді, тауарлардың бағасы да аспандап шыға келді. Бұрын кей тауар бағасының өсуі маусымдық кезде ғана белең алып, кейіннен қайта қалпына келуші еді. Ал қазір өсу бар да, түсу жоқ. Алқалаған әлеумет әупірімдеп күнін көріп жүр. Тапқан-таянғаны тамақтан артылмайды.

«...Астана жақта мың теңге, Ал Шымкентте жүз теңге. Тоймайсың, тіпті жесең де, Кәуәттарыңның баршасын...», –

деп бір айтыскер акын жырға қосқан баға жоқ қазір. Базардағы саудагерді де,



делдалды да ақтамаймын. Бірақ соның бәрін қадағалап, ретке келтіруге болатын шығар?

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Үлгі

Қазір он екі мүшесі сау бола тұра, төкке сөнделіп жүргендер бар. Айтатындары бір сылтау: жұмыс жоқ. Ал үшінші топтағы мүгедек Бақыт Жұмашев түрлі кәсіптің басын біріктіріп, мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп отыр. Ол – Алматыдағы «Ұшқын» мүгедектер оқу кәсіпорнының жетекшісі. Біз Бақыт мырзаға арнайы барып, кәсіпорынның тыныс-тіршілігімен, жұмыс барысымен таныстық.



«ЖҰМЫС ЖОҚ» ДЕП ОТЫРА БЕРГЕН ҰЯТ

Алматы қаласы Алатау ауданында орналасқан кәсіпорынға келгенімізде Бақыт мырза өндірістік тәжірибеден өтіп жүрген бірнеше студентке кеңес беріп жатыр екен. Кәсіпорын жетекшісі өндіріс орнының немен айналысатынын, «Ұшқын» деп аталуының себебін былай деп түсіндірді:

«Негізі, «Ұшқын» бірлестігі Қызылорда қаласында құрылды. Ал Алматыда бөлімшесі ретінде ашылды. «Ұшқын» деп атауымыздың себебі, мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірден өз орнын табуына титтей де болса үлесімізді қосқымыз келеді. Біздің кәсіпорында тігін цехы, баспахана, жарнама агенттігі, компьютерлік қызметтің барлық түрлері бар. Бет қаттау, теру, көшіріп басу, түрлі-түсті жарнама баннерін жасау сынды жұмыстармен айналысамыз. 120 мүгедек жанды жұмыспен қамтуға арналған жобамыз дайын еді. Пандемия салдарынан әзірге тоқтап тұр. Құрал-жабдықтардың барлығы

«ҰЛЫ АБАЙДЫҢ
«СЕН ДЕ БІР КІРПІШ
ДҮНИЕГЕ, КЕТІГІН ТАП ТА,
БАР ҚАЛАН» ДЕГЕН СӨЗІН
ӘРБІР ЖАС ҚАПЕРІНДЕ ҰСТАНСА
ЕКЕН. ЖҰМЫС БАР. ТЕК АДАМҒА
НИЕТ КЕРЕК. ЕГЕР НИЕТ БОЛСА,
КЕЗ КЕЛГЕН КӘСПТІ
ҮЙРЕНУГЕ БОЛАДЫ.

несиеге алынды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар коронавирустан барынша сақтануды қажет ететін топқа кіреді. Сондықтан оларды жұмысқа тарта алмай отырмыз. Қазір жеке тапсырыстарды алып, жұмысты аз-маз дөңгелетіп жатырмыз. Біздің басты тұтынушыларымыз мұғалімдер, оқушылар, студенттер болатын. Қазіргі шектеулерге байланысты жұмысты қарқынды жүргізе алмай отырмыз», – дейді.

Кәсіпорын басшысы 120 мүмкіндігі шектеулі жанды жұмыспен қамтуға арналған жобасын Алматы қаласының әкімдігіне жолдапты. Мемлекеттік тапсырыс болса, тығырықтан шығатынын



жасырмады. Жағдайды айтып Алматы қаласы әкіміне хат жазғанын айтады. «Әзірге ешқандайда нәтиже жоқ. Мұның барлығы уақытша қиындықтар. Алдағы уақытта толыққанды жұмыс істеп, мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыс істеуіне жол ашамын», – дейді Бақыт Жұмашев.

«Жұмыс жоқ» деп бос сенделіп жүргендерге Бақыт мырзаның өз айтары бар. «Ұлы Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігің тап та, бар қалан» деген сөзін әрбір жас қаперінде ұстанса екен. Жұмыс бар. Тек адамға ниет керек. Егер ниет болса, кез келген кәсіпті үйренуге болады. Мен алдыма мақсат қойдым. Сол мақсатыма жете білдім. Он екі мүшесі сау болсын, мейлі, мүмкіндігі шектеулі болсын, әрбір адам алдына мақсат қойып, алға қарай ұмтылса, кез келген қиындықты жеңеді», – дейді ол.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
Фото: Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



Койдың құйрығы еттен де қымбат қой, – деп бұрылып кеттім.

Қарашаның басында алған соғым таусылып қалған. Соғым соятын кісі «бір апта күте тұрындар!» деген соң, төрт-бес келі ала салайын дедім. Жылқы бағып, етін сататын Тілдә әкә ынсапшыл жан. Келісін 1950–2000 тенгеден береді. Базардағы баға сұмдық ғой. «Қой, одан да құс еті арзанырақ шығар» деп тауық етін сатып тұрған саудагерге таядым.

– Тауық еті 600–650 тенгеден, – деді ол асығыстау.

Мұның да бағасы көтеріліпті. Алдында ғана 500–550 тенге еді. Сонымен соғым сойылғанша деп тауықтың етін ала салдым. Үйде бір таусылса, азық-түліктің бәрінің түбі көрініп қалатыны бар емес пе? Құнбағыс майын сатып тұрған бойжеткенге бұрылдым.

– «Шедевр», «Маслозавод» – 3300 тенге, – дегенде көзім атыздай болсын. Күздің басында ғана 2500 тенге болатын. Былтыр 1500–1800-ден алатынбыз. Амал жоқ, біреуін алдым. Май сатып тұрған майысқак қыз «Келесі айда бұдан да қымбаттайды. Тіпті 5000 тенгеге дейін өсуі мүмкін», – деп сызылты. Оны естіген соң көзді тарс жұмдым да, екеуін бір-ақ алдым.

ЖҰМЫРТҚА НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Әлгі күнде жейтін жұмыртқа 45 тенге болып кетті. Ең арзаны – 33 тенге. Әлеуметтік маңызы бар тағамның қымбаттауы біз сияқтыларға оңай тимей тұр. Онүстікте «Шымкент құс» пен «Тассай құс» сияқты жұмыртқа өндіретін серіктестік бар. Өзімізден шығып жатыр. Бірақ сонда да бағасы ұдай. Бәлкім, канаттылар арасында дендеген індет себеп болған шығар деп топшыладық. Бірақ мәселе олай болмай шықты. Шымкент қалалық мал шаруашылығы

басқаларда қалай екен? Осыны ойлап тұрғанымда, «Өзіміз де қымбат бағаға аламыз, үстіне қоспай қайтеміз?!» деп барқырап жатқан ер адамның даусын естіп қалдым. Бұрылып қарасам, әлгіндегі көкөніс сататын жерде бір алыпсатар (делдал), шамасы, тұтынушымен саудаласып жатыр. Негізі екі ортада бағаны өсіретін осы делдал ғой. Қазір қоғамымыздың қай саласында болсын делдал, алыпсатар дегендер қаптап кетті. Орта жастағы екі нығына екі кісі

Міне, дәл осындай атаумен өткен ғасырдың соңғы ширегінде «Эт Сетера Паблишинг» баспасынан ағылшын зерттеушісі Уэсс Робертстің ((Wess Roberts) Leadership Secrets of Attila the Hun) бүкіл Батысты дүр сілкіндірген кітабы шықты. Ерекшелігі сол: біріншіден, ол бизнестік менеджмент кітабы ретінде рәсімделді. Екіншіден, шығармадағы негізгі кейіпкер еуратлантикалық тарих үшін даулы тұлға-тын. Үшіншіден, онда «биік-өркеніетті» саналатын әдепкі грек-римдік емес, еуропалық сана-сезім үшін тағы категориясындағы ғұндық ортаның өнегесі әңгімеленді.

Дегенмен ол кітаптың жекелеген сыншылар мен оқырмандар тарапынан жоғары бағаланғанын, тіпті авторына көп табыс түсірген бестселлерге айналғанын айрықша атаған жөн. Қалайша? Әрине, мұнда колориттігімен қатар, ұлы қағанның лидерлік құпияларының біздің заман үшін де өзектілігін жоймағаны зор рөл атқарды десек, еш қателеспеген болар едік.

ЕДІЛ ГУРУ РЕТІНДЕ

Бір қызығы, атакты қайраткерлердің назарын аударып, колдауға ие болмас бұрын, Робертстің бұл кітабын американдық 17 баспа шығарудан үзілді-кесілді бас тартқан. Тек аталмыш туындыны өз қаражатына шығарған жазушының асқан табандылығы мен жеңіс жолындағы қайсарлығы ғана шығарманы Росс Перодай ықпалды кісінің қолына түсіріп, кейін оны әлем халықтары алдында әйгілі етті.

Өз кезегінде, Робертстің өз еңбегінде келтірген Еділ патшаның «Максатқа тоқтаусыз талпына білу – барлық басшының бойынан табылуға тиіс қасиет. Әлсіз адам сокқан желмен ғана алға жылжиды. Ал күшті адам өзі бас тартпайынша, басқаның сөзіне де, өтірікке де жол бермей қарсыласып бағалы» деген кеңесін тәжірибе барысында толық қолданғанын көреміз. Мұны принципке адалдық демей көр.

Оның өз жазбасының басылып, көпшілікке тарауына көмектескен жандарға ағынан жарылып алғыс айтқан тұстардан-ақ, Еділ патшаның ғұн тайпаларының көсемдеріне арнап айтқан ақылын бұлжытпай орындағанына куә боламыз: «Өздеріннен гөрі ғұндардың игілігі үшін көбірек күйіндер – сол кезде сендердің игіліктерің армандарың мен максаттарыңнан асып түседі».

Сондай-ақ алғысөзінен кітаптың орта және жоғары топ жетекшілеріне арналғанын және бағасын біле білсе, осының негізінде бір жағынан, өзін табысқа жеткізетін, ал екінші жағынан, өзі еңбек етіп жүрген ұйымның дамуы мен гүлденуіне септігін тигізуге



бағдарланған қысқаша «ақыл қалта» екенін аңғаруға болады.


Жетекшілер бейнесі кітапта «ғұндар көсемдері» деген кодты атаумен берілген. Олар онда образды түрде кешкі алау басындағы тыңдаушы нөкерлер ретінде көрініс беріп, даналықпен жол көрсеткен Еділ патшаның нұсқаунамаларына ұйыған кейіпте суреттелген. Ал қатардағы қарапайым қызметкерлер кітапта «ғұндар» деп астарланған, яғни корпоративтік табыс үшін ұдайы өрістеп отыратын бітпес соғыстардың қарапайым сарбаздары да ұмыт қалмаған.

КІТАПТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Иә, сұрақты бірден осыдан бастауымыз керек еді. Рас, оған бизнес пен лидерлікке баулуға арналған, шетел асып келген көп кітаптың бірі ретінде қарауға болар еді. Өйткені оның негізгі мақсаты да, әлгінде айтып өткеніміздей, сол. Бірақ түркі-мажар әлемінің қаһарманы, баршамызға ортақ баһадүр бабамызды сөз етіп отырған шығарма, қай жағынан алғанда да, біз үшін үлкен сәттілік. Өздері лидерлік контент түзбейтін, керек десен, атымен ондай баспаханалық үрдіс қалыптаспаған, ал төл тұлғаларын әзелде лидерлік теориясы тарапынан қарастырмайтын біздей кенже дамыған елдер үшін тіпті де баға жетпес олжа. Сондай-ақ оның бағасына баға үстемелеп тұрған құндылығы – еуропалық өрісте ұлы қағанға арналған белгілі бір деңгейдегі реабилитациялық қыры.

Қалай десек те, бабамыз V жүзжылдықтың ортасында Рейн мен Солтүстік Қара теңіз жағалауына дейінгі барлық халықтарды қол астына қаратқан көшпелі көне ғұн тайпасының қаһарлы ханы әрі ең әйгілі жаулаушылардың бірі ретінде әлем тарихында аты қалды. Өзінің жойқын әскерімен ол, Рим қолбасшысы Марцеллин Комиттің айтқанындай, «бүкіл Еуропаны жермен-жексен етті». Сол үшін де «Құдайдың қамшысы» деген айдарлы атқа ие болды. Яки, жазушы Қойшығара Салғараұлы жазбақшы, оны «Құдайдың шыбыртқысы», «Құдайдың қаһары» деп те атаған.

Көптеген батыстық тарихшылар Еділдің қолбасшылық қайраткерлігіне көз жұма қарап, оны ең алдымен, христиандық әлемді құртуға



ҒҰН ЕДІЛДІҢ ӘЛІ АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТЫ

талпынған қатыгез билеуші, қанқұйлы құбыжық, пұтқа табынушы етіп көрсетіп келді. Ол туралы VI ғасырда тіршілік кешкен остгот тарихшысы Иордан өзінің «Готтардың шығуы мен әрекеттері туралы» деген негізгі шығармасында: «Ол халықты үрейлендіріп, барлық елді қорқынышта ұстап, қандай тағдыры болғанына қарамастан, өзі туралы ел арасына тарап кеткен әңгімелермен бәрін қалтыратып, қорқыту үшін дүниеге келген адам» деп жазады.

Кейінгілер осы дәстүрді қатаң ұстанды. Тек кейбір прогрессивті, жаһандық масштабта ойлай алатын тарихшылар ғана еуропалықтар жадында зәбір көрсетуші, зорлықшыл патша ретінде қалған тұлғаны басқа қырынан қарап, тарихи бағасын көтеруге талпынды. Мұндай күрделі қадамды алғаш рет «Еділдің есімі» тарихта Александр

және Цезарь сияқты данышпан адамдармен қатар қалды» деп мәлімдеген XIX ғасырдағы француз тарихшысы Огюстен Тьерри жасады. Шын мәнінде, ұлы жаулаушылардың арасында бабамыз сияқты осыншалық әртүрлі пікір қалыптастырған бірде біреуі болмаған десек, артық болмайды. Оны Оңтүстік және Батыс Еуропада қанқұмар, адамзаттың жауы етіп сипаттаса, Солтүстік және Шығыс Еуропада позитивтік жағынан қарастыруға тырысады, ал Азияның түркітекті елдерінде еділ билеуші эталоны ретінде қабылдайды.

Бұл тұрғыда Робертс кітап беттерінде Батыс әлеміндегі біржақты бағалау мен бұра тартушылықтың барлығын асқан сарказммен айқын жазып көрсеткен: «Гүн Еділ – алғаш қарағанда ұлы адамдармен қатар атауға лайық басшыға ұқсамайтын өте күмәнді тұлға көрінеді. Тарихта оны табиғи қорларды сақтау қағидаларын белден басып (*мәселен, соғыс-жабдықтау логистикасы, ал отарлар мен табындар Гринписпен кеңеспей, жолындағының бәрін жеп отырған дегендей*), таңғажайып, бейбіт жерлерді жаулап алу үшін жойқын әскер жіберіп, содан кейін Еуропа Кеңесіне әлі бірікпеген сол кездегі Еуропаның өркениетті халқы шоғырланған көптеген қалаларды тонаған, соншалықты жабайы, мейірімсіз билеуші, көшпенділердің олигархы ретінде бейнелеп келді». Соған қарамастан, ол ғұн басшысының мемлекетті басқару қабілетінің зор болғанын және өз елінің ғана емес, жөнімпаз қару мен Ғұн одағының арқасында өз туынын астына біріктірген герман және славян тайпаларының толық мойындалған көшбасшысы болғанын да атап өткен. Мысалы, бұған герман халықтарының Еділге арналған эпостық жырлары дәлел бола алады.

Мұны әйгілі жиһангерге арналған тарихи зерттеу деп көтермелеудің қажеті жоқ. Өйткені бұл еңбекте Еділ тарихи тұлға ретінде емес,

көшбасшыны бейнелейтін аллегориялық тұлға ретінде сипатталғанын ескерген ләзім. Робертс лидерлік туралы жазған, ал көшбасшы үлгісі ретінде Еділдің лидерлік образы таңдалған. Нәтижесінде, соңынан ергендерді пұшпаққа шығарып, табысқа, сәттілікке, байлық пен атаққа жету өнеріне үйрететін осындай тамаша жинақ дүниеге келді. Осы сарындағы басылымдар сияқты мұнда да «Өз-өзіңізге сенімді болыңыз, табандылық танытыңыз, алға қойған мақсатыңызға нық қадам жасаңыз» деген таптаурын кеңестер айтылады. Алайда бұл қарабайырлық мұнда қызықты әфсаналық баяндау мәнерімен жеткізілген. Негізі, Еділ сол үшін керек болды десек, артық емес. Бірақ бұдан ол туралы туынды өсте құнсыз болып қалмаған.

ҚАҒАН ЛИДЕРЛІК ҚАСИЕТТЕР ХАҚЫНДА БҮЙ ДЕПТІ

Батылдық – ғұндарды басқарған адамдар батыл болу керек. Олар ешнәрседен қорықпайтын, басшысының берген тапсырмаларын бұлжытпай орындай алатын рухы мықты болу керек. Қиындықта

мойымай, күреспен шындалуы керек. Басшының басынан жалғыздық та, түнілу де, күйіну де, көптің тәлкегі мен терістеуі да өтеді. Басшылар өз міндеттерінің бірі – басындағы мұң-қайғысын жеңе білу екенін түсінулері керек. Олардың бойында сенімді қадам жасай алатын және мерейі үстем кезде ғана емес, екіұдай күйге түсіп, басына қатер төнгенде де табысқа жете алатын батылдық болу қажет. Күштарлық – кейбір ғұндар адамдарға, әрекеттерге және нәтижелерге әсер етуге іштей бейіл танытып, қалау білдірмесе де басшы болуы мүмкін. Мұндай басшылар әлсіз болады. Біз ықылас, яки күштарлық танытпаған сарбаздарды басшы етіп тағайындамауымыз керек. Көңіл күйдегі табандылық – көшбасшының дамуындағы әрбір келесі деңгей көңіл-күй мәселесін өзекті етуді білдіреді. Көшбасшының әр деңгейде қиындықтан кейін тез есін жиып, қол астындағылар үшін оларға деген көзқарасын өзгертпей жауапты болып, қиын жағдайға табандылықпен төтеп бере алатын қасиеті болу керек.

Төзімділік – ғұн басшылары өзіне жүктелген міндеттерді көтере алатындай төзімді болуы керек. Басшылар денелерін үнемі шынықтырып тұрулары қажет. Басшы төсекте жатып басқара алмайды. Артық ас-су олардың қуатын кетіреді. Римдіктердің есті алатын ішімдіктері сананы улайды. Дені саулық – жаны сау. Басқару міндетін лайықты түрде атқару үшін біздің басшылардың денелері мығым, төзімді болу керек.

Жанашырлық – басшылар жанашырлықты – басқа адамдардың құндылықтарын мойындап



және түсінуді, басқалардың мәдениетін, діни нанымын, дәстүрін сезіне алу қабілетін дамыту керек. Алайда жанашырлықты тайпаға немесе ұлтқа алғыр дипломатия немесе күшті әскер керек кезде қажетсіз көңіл жұбатпаға әкеп соғатын ұнатумен шатастыруға болмайды. Табандылық – жас басшылар табандылық танытып, қай кезде әрекет етіп, қай кезде сабыр сақтау керектігін, жағдайға әсер ететін барлық деректерді назарға алуды үйреніп, содан кейін оларға басшы ретінде жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындаулары керек. Толқу мен кідіріс бәрін тежеп, қол астындағы адамдарды шатастырады, ал бұл жаудың пайдасына шешіледі. Алдын ала болжау – бақылаудың көмегімен үйрену және түйсік арқылы шешім қабылдау жеке тәжірибелерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Біздің басшылар ойларды, әрекеттерді және жағдайды алдын ала болжай алулары керек.

Алдын ала болжаудың да белгілі бір дәрежедегі қаупі бар. Басшы мұнын жеке қауіпсіздігіне ұмтылатын адамдардан жоғары дәрежеге көтеретінін біле отырып, осыған бойұсынуы қажет.

Бәсекеге қабілеттілік – көшбасшылықтың ажырамас қасиеттерінің бірі – жеңіске деген ішкі күштарлық. Үнемі жеңіске жету міндетті емес, маңызды сайыстарда жеңіске жету – міндет. Басшылар бәсекелестіктің ұлыс ішінде де, одан тысқары жерде де өте күшті екенін түсініп, оған жеңіл қарамауы керек. Күрес сезімі ұрыс алаңында, келіссөздерде және өзара күрес жағдайларында жеңіске жеткендерді күшейтеді. Бәсекелестік рухынан айырылған басшы әлсіз болады және жеңіл-желпі күрестердің өзінен тайсалып тұрады.

Өзіне деген сенімділік – үйрену мен тәжірибе басшының бойындағы көшбасшылыққа лайықты жауап бере алатын сенімділік сезімін дамытады. Басқару кезінде өз-өзіне сенімсіз болған адам қол астындағыларға, әріптестеріне және басшыларына өз қабілетінің әлсіз екенін білдіріп қояды. Осылайша, олар әлсіз басшы және пайдасыз көсемге айналады.

Жауапкершілік – өз әрекетіне және қол астындағы адамдардың әрекетін жауапты болуға үйрену – көшбасшылықтың іргелі негізі. Басшылар салдары қаншалықты даңқты немесе ауыр болғанына қарамастан, өздері

қол жеткізген немесе қол жеткізе алмаған істері үшін өздерін мақтаудың астына қалдырып немесе кінәні басқаға жаппауы керек.

Міндеттеме – көшбасшы қандай да бір жұмыстың дұрыс әрі уақытында орындалуы үшін нақты біреу жауап беру қажет болған кезде керек. Бірде-бір патша, көсем немесе басшы өз әрекеті үшін жауапкершілік алу мүмкіндігі болмайынша қызмет ете алмайды.

Сенім – басшы сенім арта алатын адам болу керек. Оның сөздері мен әрекеттері достары үшін де, жаулары үшін де шынайы

болуы қажет. Оның тек дұрыс ақпаратты жеткізе алатындай ақыл-зейінінің және адамгершілік қасиетінің жоғары болғаны дұрыс. Тек сонда ғана оған басқалар сенеді. Мұндай қасиеті жоқ көшбасшылардың ешқандай ықпалы болмайды. Сондықтан оларды сенім артуға лайық болмағандықтан, жауапты қызметінен босатады.

Қажырлылық – мәселені шешу кезіндегі қажырлы қуат – көшбасшылық талап ететін қасиеттердің бірі. Батылсыздық – істің басқа адамдардың қалауымен кетуіне жол береді. Көшбасшының күші түнілуде, өтірікте және жалғыздықта шындалады. Қажырлылық – күрделі істерді шешудің және алға қойған максатқа жетудің кілті.

Ақылды басшылық – біздің көшбасшылардың бойында салқынқандылықпен басқара алу қабілеті болу керек. Олар сенімділікті, сенімді және адалдықты ынталандыратындай басқаруы қажет. Бағынышты адамдар басшының сенімін асыра пайдаланбаулары қажет. Олар басқаруға оңтайлы, дамуға тырысып, өз әрекеттері үшін марапат алуға ұмтылатын жандар болуы керек. Жаза – тек ең соңғы сәтте және бүлікті баса алмаған жағдайда ғана қолға алынады. Олар болмаса, шопан жок. Әскер болмаса, қолбасшы жок. Бағынышты адамдар болмаса, көшбасшы жок. Сондықтан көшбасшылар – басқа адамдардың игілігі үшін қам жеп, артында тұрған жандардың мүддесін қорғайтын тұлғалар.

ТҰЖЫРЫМ ҺӘМ ҰСЫНЫС

Бұл аталған кітаптың жарнамасы емес. Бұл тарих толқынында өзіміздің бағытты ұстанып, әр жайдан өз мәдениетімізге қатысты һәм керекті тұстарды екшеу. Қазақ мәтелінде айтылғандай, «білгенге маржан».

Әрине, осындай туындыларды парактай отырып, отандық жазушылар мен тарихшылар да беталды тарихты қопара бермей, лидерлік теориясы аясында осындай үлгілерде төл кейіпкерлеріміздің кітаптарын шығарса деген ұсыныс. Әйтпеген жағдайда, осылай шетелдік авторлардың еңбектерін тізбелеуге мәжбүр болғанмыз болған. Түйткілді мәселеге жүйелі түрде кірісу керек. Мәселен, кейіпкеріне барынша адал қараған автор Робертстің өзінде тарихи объективтілік жоқ. Оны өзі де мойындайды. Оған осы titimдей туынды үшін алғысымызды жаудырсақ та, оқырмандарға кітапты толық қабылдауға да болмайтынын ескертеміз. Қалай дегенмен, ол да өз ортасының төлі, заманының баласы, жүз жерден әділ болайын дегенмен,

еуроцентристік менмен призмадан алшақ кете қоймаған тұстары баршылық. Біз үшін Еділ ұлы баба, ұлы көсем болғанымен, бүгінгі әлемнің штурвалында тұрған өркениетті жетекші елдер үшін бар болғаны жабайыларды әлдеқандай зұлым күштердің қолдауымен ұйымдастыра білген ұлы көсем. Мың жерден қустаналаса да, Ұлы Дала перзенті – Еуропа тарихының айнымас бөлігі. Тек осы ғана олардың тарапынан ата тарихтан атын өшіруге мүмкіндік бермей тұр. Өкініштісі, тарихшы Зардыхан Қинаятұлы айтқандай, арада 16 ғасыр өтсе де, нағыз аты аңызға айналған тұлға болса да, Еділ туралы ақиқат толық ашылған жоқ. Ендеше, ұрыста тұрыс жоқ. Жазармандардың құлағына алтын сыра!

Абылайхан ҚАЛНАЗАРОВ,
мәдениеттанушы, лингвист


СҰХБАТ



Құснихат – көркем жазу өнері. «Сұлулық, әдемілік» деген мағынаны білдіретін араб тіліндегі «хұсн» сөзінен енген. Ал көркем жазумен айналысатын адамды «хаткер» дейді. Бұл өнердің өзіндік ерекшеліктері бар. Біз құснихат шебері Ақмейір Керімұлынан осы өнердің қыр-сыры жайында сұрап-білдік.

Жас qazaq: Ақмейір мырза, көркем жазу — үлкен өнер. Өзіңіз педагогика, заң саласында қызмет етіпсіз. «Құснихатқа» қашан мойын бұрдыңыз?

А.Керімұлы: «Құснихат» өнеріне келуімнің өзіндік саяси астары бар. Мен Қытайда туылып, кейін елімізге көшіп келгендердің бірімін. Балалық шағым Құран оқығанды қамайтын, жазаға тартатын кезге тап келді. Әкем кішкене кезімізде сандықтан бір ерекше кітапты алып оқып, қайтадан жасырып қоятын. «Балалы үйдін ұрлығы жатпас» дей ме, әйтеуір, бізге көрсетпеуге тырысатын. Бір күні әкем іссапармен бірнеше күнге кетті. Сол сәтті пайдаланып, өмірімде бірінші рет ұрлыққа бардым. Сандықтың құлпын ашып, әлгі кітапты алдым. Құрандағы көркем жазу бала



дінінен бұрын жазу өнері пайда болған. Араб жазуының бірінші үлгісі деп куфи жазуын атаймыз. Куфа қаласында жарыққа шыққаннан кейін куфи үлгісі деп аталып кеткен. Үлгінің ерекшелігі — жазу төртбұрыш негізінде жазылады. Бұл — IX ғасыр. Ал енді XI ғасырға дейін ислам пайда болғаннан кейін «сұлыс» үлгісі келді. Жазуды үйрететін арнайы медреселер пайда болып, сол бойынша жазу үлгісі қалыптасты. Біз кітапты оқығанда оның ішінен өзімізге қажетті ерекше сөздерді кездестіреміз. Сондай сөздерді үлгі ретінде құснихатпен түсіре бастадым. Мысалы, Ұлы Абайдың, А.Байтұрсынұлы сияқты арыстардың канатты сөздерін сөйлеттім. Кириллицада оны жаза алмайсың, ал төте жазуда ойына келген қиялмен ұштастыра аласың.

Жас qazaq: Елімізде құснихат өнеріне қызығушылық танытқандар бар ма? Әсіресе, жастар жағы?

А.Керімұлы: 2013 жылы елге келіп, осы өнермен нәпакамды табамын деп ойламаппын. Бір күні 11 жасар балам екеуміз Нұр-Сұлтандағы «Хазірет Сұлтан» мешітіне кірдік. Ұлым «Әке, қараңызшы, мына күмбездегі жазуларды. Өте әдемі екен. Мына жазуларды сіз де жаза аласыз ғой» деді. Бір қарағанда күмбездегі оюлар өзбек ұлтының нақышына келеді. Сол күннен бастап осы өнерді бастау керек екендігін түсіндім. 2017 жылы Алматыда мүфтияттың көмегімен алғашқы көрмемді өткіздім. Көрмеден кейін құснихат өнеріне қызығушылық танытқан жастар көп болды. Бүгінгі күнге дейін 20-ға жуық жасты үйреттім.


Жас qazaq: Құснихат өнерін әрі қарай дамыту үшін не істейсіз? Қандай жоспарыңыз бар?

А.Керімұлы: Бүгінге дейін 40-50 шақты мешіттің авторымын. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінен арнайы хабарласып, дәріс өткізуге шақырды. Осыдан екі


Хұснихат - ғиبرات өнер



Жас qazaq: Құснихат өнері несімен ерекше?
А.Керімұлы: Құснихат өнері адамдарға



жүрегіме ерекше әсер қалдырды. Алғашқы бетін көшіріп жаздым. Ол кезде біз 3-сыныпта латынша қазақ тілін үйреніп жүргенбіз, төте жазу жоқ болатын. Бірақ кітаптағы сөздердің кейбірі біз үйреніп жүрген жазуға ұқсас екенін байқадым. Қызыққаным сонша, өз бетіммен түрлендіріп жаза бастадым. 6-сыныпта латынша жазу тоқтатылды. Төте жазуды енгізді. Бала кезде түсінбеппіз, бұл да «саяси ойын» екен. Төте жазу оқытыла бастағанда менің жазғандарым мұғалімдікінен әдемі шығатын. Қабырға газетіне мәтін жазу сынды жұмыстарды мұғалімдер маған тапсыратын. Осылайша, құснихат өнеріне аяқ бастым.



эстетикалық бағыт сыйлайтын өнер. Бұл өнердің тарихына үнілсек, ислам

жыл бұрын «әлемдегі ең үлкен Құран кітабын қолмен көшірсем бе» деген ойға келдім. Ол жұмысымды Гиннес рекордтар кітабына ұсынбақпын. Кітаптың ұзындығы — 2,37, ені — 1,67. Оның мұқабасы мен арнайы парағы бар. Бүгінде осы істі қолдауға демеуші іздеймін. Мақсатым — әлемдегі ең үлкен Құран кітабын Түркістан қаласындағы арнайы мұражайға тапсыру. Кітапты көшіруге 2,5 жылдай уақыт кетеді. Қазір дайындықты бастап кеттім. Көркем жазуды дінмен ғана байланыстыратындар бар. Бұл — қате ұғым. Құснихат түсіне білгенге, сөздің астарлар ойын жеткізетін, түйсіндіретін әрі ғират алатын өнер.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

ЖАҢА



Тәуелсіз ел ертеңі

*Қазақты бәрі мықты ел, берік дейді,
Жаман емес жақсыға серік дейді,
Мағжан сенген елімің текті ұрпағы
Көрейлерге не үшін еліктейді?!*

*Сан түрлі құбылмды заман деген,
Сол заманды өзгерткен адам дер ем.
Бодан болып ұлтыңды ойлағаннан,
Еркін елде еліктеу жаман дер ем.*

*Қазақы оты бойында тәлімі жоқ,
Иманы жоқ, сыйынар Шәңірі жоқ,
Көзі аяу, көңілі әлі оянбаған
Ана сөзі, әкенің әмірі жоқ.*

*Жас ұрпағың өсуде мәңгірт болып
Лып жатқан өткеннен тәлімі жоқ,
Көретіні «инста, тик ток, ватсап»,
Іргетас түгіл, жақсы қалыбы жоқ,*

*Өзгені үлгі етпесе болмай ма екен?
Халықтың ғой өнеге алар алыбы көп.
Ата-ана баласына қарамайды,
Өз баласын тұтқа деп санамайды,*

*Біреулер бір ұлға зар болса шын,
Біреулер сол баланы қаламайды,
Ескеріндер адамдар мына сөзді,
Асылдан жаман адам тармайды.*

*Ей, жастар, өзгені үлгі санамайық!
Жас болайық, ұлтыма дара лайық,
Біздерміз ғой Тәуелсіз ел ертеңі,
Болашаққа тым бейжай қарамайық!*

Талғат
МАҚСАТҚОЖАҰЛЫ,
Абай атындағы РММИ,
«Ділмар» ішешендік өнер
үйірмесінің мүшесі



МҮКІС МҮЙІС



«Қазақстанда соңғы 5 жылдың ішінде жемқорлыққа қарсы іс-қимылда қандай стратегияның барынша тиімді екендігіне қатысты тиктаникалық өзгерістер болды.



Ал
түсініп
көр!

23.11.2020

СПОРТ ЖАРЫСЫ



Журналистер шаңғы тепті

Өткен аптада Алматыдағы «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортында отандық журналистер арасында тау шаңғысынан жарыс өтті. Жарысты SCJ Kazakhstan шаңғышы журналистер клубы «Шымбұлақ» ТШК-мен бірлесе отырып, «Technodom» компаниясының қолдауымен ұйымдастырды.



**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2242;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 3000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VP000020470 күзәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.